

Кеден одағында илектеу орнақтарына арналған болаттан құйылған біліктерді өндірушілердің экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі шаралар туралы

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы дағы № 904 шешімі

2010 жылғы 19 қарашадағы Өтпелі кезең ішінде арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану тәртібі туралы келісімге сәйкес Кеден одағы
к о м и с с и я с ы **ш е ш т і :**

1. 2014 жылғы 26 маусымды қоса алғандағы мерзім бойынша Кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінетін, Украинадан шығарылатын және 8455 30 310 0, 8455 30 390 0 КО СЭҚ ТН кодтарымен жіктелетін болатты стандарттарға арналған болаттан құйылған біліктерге қатысты кедендік құнынан 26 пайыз мөлшерде демпингке қарсы
б а ж с а л ы ғ ы н б е л г і л е у .

Көрсетілген демпингке қарсы бажды қолдану мақсатында тауар КО СЭҚ ТН
к о д т а р ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

2. Беларусь Республикасының Мемлекеттік кедендік комитетіне, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне, Федеральді кедендік қызметіне осы Шешіммен белгіленген демпингке қарсы баждардың алынуын қамтамасыз етсін.

Кеден одағы Комиссиясының мүшелері:

<i>Беларусь Республикасы атынан</i>	<i>Қазақстан Республикасы атынан</i>	<i>Ресей Федерациясы атынан</i>
<i>С. Румас</i>	<i>Ө. Шукеев</i>	<i>И. Шувалов</i>